

МЕКТЕПАЛДЫ ДАЯРЛЫҚ «А» тобындағы балалардың өмірін және тәрбиесін ұйымдастырудың циклограммасы
IV апта (19-23 қазан 2020 жыл)

Бекітемін:

Оқу ісі жөніндегі орынбасары:

Аманжесова А.Ж

Өтпелі тақырып «Менің отбасым»

Тәрбиеші: Жумабекова М.Б

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.				
Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б.)	д/о «Пішінді құрастыр.» Мақсаты: Түстер мен пішіндер арқылы құрастырып үйрету. Есте сақтау, қору, ажырату қабілеттерін дамыту.	д/о «Кім тез жинайды.» Мақсаты: Көкөністер мен жемістерді ажырата білуге үйрету. Ойынға деген қызығушылықтарын арттыру.	д/о Сюжеттік рөлді ойын: «Мен және менің отбасым» Мақсаты: өз үйлеріндегі адамдарды ретімен атау	д/о «Ненің төлі жоқ?» Мақсаты: Үй жануарларын ажырата білуге, оларды төлдерін ажырата білуге, жануарларды күте білуге, қамқорлыққа ала білуге тәрбиелеу.	«Артығын тап.» Мақсаты: Тіл байлықтарын, сөздік қорларын молайту. Тапқырлық қабілеттерін дамытып, ойынға деген қызығушылықтарын дамыту
Таңертеңгі гимнастика /5 мин	Жаттығулар кешені № 4				
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі	<p>1. Сауат ашу</p> <p>1. Тақырыбы: «Мектеп асханасында. Н дыбысы мен әрпі»</p> <p>Мақсаты: Н дыбысымен таныстыру. «н» дыбысы бар сөз, сөйлем, ойлап табуына назар аудартып, сөздік қорларын дамыту. «н» әрпін таныту; Тілдің дыбыстарын естіп қабылдау, оларды сөздер ішінен бөлу және сөзсіз жеке айту.</p> <p>Педагог балаларды екі топқа бөліп тұрғызып, «Диірменші мен егіндер» ойынын ойнатады. Ойын шарты: Бір топтың балалар диірменші, екінші топтың балалар егін болады. Педагог «диірменші» деп айтқанда сол топтың балалары қолдарын, белдерін айналырады, ал «егін» деп айтқан кезде сол топтың</p>	<p>1. Математика негіздері.</p> <p>Тақырыбы: Айналадағы заттарды санаймын. 10-ға дейінгі реттік санау.</p> <p>Мақсаты: 10 көлеміндегі сандарды тура және кері санау</p> <p>Заттарды саны бойынша салыстырып, олардың реттік нөмірін атау</p> <p>Педагог балаларды «Мен велосипед тепкенді ұнатамын» деген сұхбатқа тартады. - Сендерде велосипед бар ма? - Оны қай жерде тебесіңдер? - Кіммен бірге?</p> <p>«Осыншама саяды көрсет» Ойын үшін қималы материал - цифрлар, заттардың әртүрлі сандары бейнеленген карточкалар қолданылады. Педагог балаларға цифрлар бейнеленген карточкаларды көрсетеді, ал балалар өздеріндегі осындай заттардың</p>	<p>1. Сауат ашу.</p> <p>Тақырыбы: «Мектепке жол. Л дыбыс мен әрпі»</p> <p>Мақсаты: Сөзді буынға бөлу, сөздегі буын санын және орналасу ретін анықтау. Өзіне таныс тақырып аясында диалогке қатысу. Жазу жолын, жоларалық кеністікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтап, әріп элементтерін жазу.</p> <p>Шаттық шеңберін құрып, бір-біріне жылы лебіздерін білдіреді.</p> <p>Мына сұлу әлемде Адам өмір сүреді. Үлкен менен кішіге, Күн сәулесін төгеді. Педагог балалардың мектепке барар жолы туралы әңгіме жүргізеді. Жолдарында қандай</p>	<p>1. Қоршаған ортамен таныстыру:</p> <p>Тақырыбы: «Отбасымның міндеттері мен қызметтері»</p> <p>Мақсаты: Отбасы мүшелерін атап, міндеті мен өзіне тағылған жауапкершілікті білу</p> <p>Шаттық шеңбері</p> <p>Е. Өтетілеуұлының «Біздің шаңырақ» өлеңін оқу.</p> <p>Атамнан басталар, Әжеммен қосталар, Отбасым мыналар: Ең жақын адамдар. Әкем және анам бар, Бір туған атам бар, Бір туған апам бар. Бәрін жақсы көремін, Еркелеймін, еремін. Бүгін біз сендермен отбасы туралы әңгімелесеміз.</p>	<p>1. Өзін-өзі тану</p> <p>Тақырыбы: «Мейірімді жүрек»</p> <p>Мақсаты: «Мейірімділік» ұғымның адамгершілік құндылық ретіндегі мәнін ашу.</p> <p>Дидактикалық ойын: «Не жоқ?»</p> <p>Мақсаты: ойлау қабілетін дамыту</p> <p>Шаттық шеңбері</p> <p>- Қайырлы күн, құрметті оқушылар! «Сіздерді шаттық шеңберін құруға ортаға шақырамын. Мұғалім балалармен сәлемдесіп, оларды шаттық шеңберін құру арқылы бір-біріне деген сыйластық, мейірімділіктерін арттырады. Қош келдіңдер, балалар! Мен сендерді көргеніме қуаныштымын. «Шаттық шеңбері» аясында бір-бірімізбен амандасайық. Алғашқы айналымда сағат тілінің қозғалысы бойынша мұғалімнің өзінен бастап әр оқушы кезегімен өзін көрсетіп</p>

<p>айтқан кезде сол топтың балалары қолданы жоғары көтеріп жайқалады. Ойын 2-3 рет қайталанады қателескен балаларды екінші топқа ауыстырады. Педагог мектеп ішіне сырттай саяхаттайтындарын айтады: – Дәмді иіс шығады. Ол нан пісіретін орын – наубайхана. Онда мейірімді адамдар жұмыс істейді. Наубайханада тәтті тоқаштар мен дәмді, жұмсақ нан пісіреді. Әліппе-дәптермен жұмыс. 1-тапсырма – Бұл суретте не болып жатыр деп ойлайсындар? Педагог сұрағына балалар толық жауап береді, Балалар өз ойларын айтады. Педагог қорытындылайды. Үстел басында қандай тәртіп ережелерін сақтау керектігін сұрайды. – Ас ішер алдында қол жуу керек. – Қасындағы адамдарға «Асың дәмді болсын!» деген жақсы тілек айту керек. Үстел үстіне ыдыстарды қалай қою керектігі туралы түсіндіреді. Тамақ уақытында балалардың қолданатын заттары туралы сұрайды. Тамақты уақытында ішу керек екенін және пайдалы тағамдарды жеудің денсаулыққа пайдасы туралы айтады. Суреттегі таныс заттарды атайды.</p>	<p>өздеріндегі осындай заттардың саны бейнеленген карточкаларды тауып, санды атап, өз тандауын түсіндіреді. Әліппе-дәптердегі 1-тапсырманың суретіне қарауды ұсынады. – Жарысқа қанша бала қатысқан?–деп сұрайды. Әрі қарай жиынтық полотнода карточкаларды 1-ден 10-ға дейін қатар қойып шығуды ұсынады. Хормен тура және кері тәртіппен санайды. Сандарды сәйкестендіру бойынша ойындар ұйымдастырады. Мысалы, жиынтық полотнодағы немесе үлестіргемелі материалдағы ойындар – сандық домино, мұнда сандары жазылған карточкаларды тиісті Педагог 1-тапсырмадағы суретке қайтып оралуды және кім бірінші, екінші және т.с.с. келе жатқанын айтуды ұсынады. Бірінші, екінші, үшінші деген сандық ұғымды білдіретін сөздерге балалардың назарын аударады. Мұндай сөздерді біз: – Саны бойынша нешінші? деген сұраққа жауап беру үшін пайдаланамыз. Бүгінгі ҰОҚ-де біз реттік сандар туралы үйренеміз. Педагог балалардан реттік сандары бар қандай өлең білетіндерін сұрайды. Педагог бейнежазбадағы әнге қосылуларына болатынын айтады. Әрі қарай балаларға сұрақтар құруды ұсынады. Сергіту сәті. Балалар реттік санауды үйрену үшін оларды қатарға (10 адам)</p>	<p>Жолдарында қандай ғимараттар кездесетіні, қандай жолмен жүретіндері сұралады. Жолда жүру ережесін қатаң сақтау керектігі ескертіледі. Әліппе-дәптермен жұмыс. 1-тапсырма. Лаққа көмек көрсет. Лақты мектебіне қысқа жолмен жеткіз. Балалар суретке қарап отырып өз ойларын айтады. Балалар лаққа көмектесу үшін жолдарды таңдайды. Педагог лақ сөзін айтқызып, бірінші естілген дыбысты қайталатады. Суреттен Л дыбысы естілетін сөздерді тауып, оларды атайды. Балалар жолды саусақтың ұшымен сызып, сосын ауада жазып қайталайды. Педагог Л үнді дауыссыз дыбыс екендігін айтады. Л дыбысы сөздің басында, ортасында және аяғында кездесетіндігі мысалдар арқылы түсіндіріледі. Л дыбысының айтылуын түсіндіреді (Л дыбысын айтқанда тіліміз тісімізге тиіп дыбыстар кедергіге ұшырап қысқа айтылып тұрады). 2-тапсырма Балалар сызба арқылы Л дыбысының орнын анықтайды. Тиісті суретпен сәйкестендіреді. 3-тапсырма 1. Сен дайындық сыныбына неше жасыңда келдің? Сыныпта кімнің есімінде Л дыбысы</p>	<p>Әкем және анам бар, Бір туған атам бар, Бір туған апам бар. Бәрін жақсы көремін, Еркелеймін, еремін. Бүгін біз сендермен отбасы туралы әңгімелесеміз. Әр бала өзіне тағылған жауапкершілік міндетін білуі керек. Міндет, жауапкершілік дегеніміз не? Әр отбасында ата-ананың орны бөлек. Бала әкеден ақыл, анадан мейірім алады. Әке - отбасының асыраушысы, қамқоршысы, тірегі; ана - отбасының ұйытқысы, жылуы, шуағы. Жақсы ана отбасына береке әкеліп, отбасын бақытқа бөлейді. Әліппе-дәптермен жұмыс. 1-тапсырма</p>	<p>оқушы кезегімен өзін көрсетіп турып, өз есімін «Мей Амирмін, Мен Аружанмын» деп атап шығады. Екінші айналымда әр бала бірінші өзінің өзіне қайта атап, содан кейін оң жағындағы және сол жағындағы көршілерінің аттарын атап , мен сендермен көріскеніме қуаныштымын» деп айтып шығады. Осылайша амандасу аяқталады. Мұғалім шаттық шеңберінің мәнін түсіндіру үшін балаларға төмендегі өлең жолдарын бірге қайталап, қимылмен көрсетуді ұсынады және ол бойынша ой түйіндейді: Қуанамын мен де, (Өзін көрсетеді.) Қуанасын сен де, (Жанындағы досын көрсетеді.) Қуанайық, достарым, (Бір-бірінің қолдарынан ұстайды.) Арайлап атқан күнге! (Қолдарын жоғары көтереді.) Мұғалім: қандай адамды мейірімді адам дейміз? Балалар: Мейірімді, қайырымды адам – қиын сәтте қол ұшын беруге, көмектесуге даяр адам. Жақсылық жасайтын адам. Табиғатты сүйетін адам. Аң жануарлар мен құстарға қамқорлық көрсететін адам. Сыпайы, әдепті, жинақы адам. Үлкенді сыйлайтын, достарын сыйлайтын адам. Мұғалім: қалай ойлайсындар, достық неден басталады. Балалар «алтын жүректі», «үлкен жүректі» деген сөздер қандай мағынада айтылады? - Алтын жүректі», «үлкен жүректі» адамдар деп кімдерді айтамыз? - Айналадағы адамдардың жақсылығын, мейірін сезіп, байқап бағалайсындар ма?</p>
--	---	--	--	--

<p>Педагог Н дыбысы естілген сөздерді қайталайды. Оларды балалар буынға бөледі.</p> <p>2-тапсырма. Өлеңін педагог суретті көрсете тұрып оқып береді. Өлеңді балалар мазмұндайды, қайталайды. Нан қиқымын шашпаңдар Жерде жатса баспаңдар! Теріп алып, қастерлеп, Торғайларға тастаңдар!</p> <p>3-тапсырма Н әрпімен танысады. Н әрпіне ұқсайтын заттарды педагог көрсетеді. Балалар Н дыбысын қайталау арқылы оның айтылуына қарап дауыссыз дыбыс екенін ажыратады. Ол көк түспен берілген. Педагог балаларға Н дыбысының айтылуын үйретеді. ерін сәл ашылып, жіңішкерген тіл ұшы, жоғары көтеріледі де, үстіңгі тістің үстіне тиеді, тілдің алдыңғы екі шеті үстіңгі тістерге қатты жабысады. Тілдің төмен түсуінен «н» дыбысы жасалады.</p> <p>Екі тіреу, басқышы біреу. (М. Әлімбаев)</p> <p>Суреттегі сатының Н әрпіне ұқсайтыны түсіндіреді. Балалар Н дыбысына ұқсас заттарды атайды.</p> <p>Сергіту сәті</p> <p>4-тапсырма Педагог көк түсті ермексаздан Н әрпінің</p>	<p>тұрғызып, санаудың қажетті бағытын көрсетіп, ретімен санауды сұраңыз. Содан кейін жиынтық полотнода осыған ұқсас жағдайды орындайды. Заттарды немесе балаларды оңнан солға қарай және кері бағытта санауды ұсынады. Содан соң педагог 1-ден 10-ға дейінгі сандар жазылған карточкаларды шығарып, тура және кері тәртіппен хормен сандық санау жүргізеді.</p> <p>Педагог балаларды кейінгі және алдыңғы санды анықтауға жаттықтырады. «Көрші сандар» ойыны әртүрлі ұйымдастырылуы мүмкін: 1-нұсқа: Бала көршілерін атайды, ал балалар санның өзін көрсетеді.</p> <p>2-нұсқа: Бала санды атайды, ал балалар көршілерін көрсетеді.</p> <p>3- тапсырманы орындауды ұсынады, онда фигурадағы торкөздердің санын санап, қажетті түспен бояу керек. Балалар торкөздерді санайды. Санына қарай фигураны белгілі бір түспен бояйды.</p> <p>4-тапсырманы өз бетінше орындауды ұсынады. Қорытындылап мадақтау.</p> <p>2.Сөйлеуді дамыту</p> <p>Тақырыбы: Жомарт күз.</p> <p>Мақсаты: Балалардың күз мезгілінің ерекшелігін бақылау арқылы маусымдық өзгерістер жайлы білімдерін кеңейту.</p> <p>Дидактикалық ойын: «Ұқсас сөздер»</p> <p>Мақсаты: синонимдерді анықтау</p>	<p>бар? Балалар әліппе-дәптерде берілген санды белгілейді, сыныпта Л дыбысы бар есімдері балаларды атайды.</p> <p>Сергіту сәті</p> <p>Ал, балалар, тұрайық, Алақанды ұрайық. Оңға қарай иіліп, Солға қарай иіліп, Бір отырып, бір тұрып, Бір тынығып алайық.</p> <p>4-тапсырма. Педагог Л әрпін көрсетіп, осы әріпке ұқсайтын қандай заттар бар екенін естеріне түсіреді. Суреттерге қарап, жауап береді.</p> <p>5-тапсырма. Педагог өлең оқиды. Біз күркенің алдында тұрған ек Қалдық біздер: «Күрке ме, бұл, «Л» ма? – деп. Ж. Әбдірашов</p> <p>Педагог балаларға күркенің суретін көрсетіп, ол туралы мағлұмат береді. Балалар өлең жолдарын қайталайды.</p> <p>6-тапсырма Суретке қарап отырып, ағаш бұтағының, адам саусақтарының, шырын тетрапакетінің, таяқшаның неге ұқсайтынын табады.</p> <p>Педагог балаларға күркенің суретін көрсетіп, ол туралы мағлұмат береді. Балалар өлең жолдарын қайталайды.</p> <p>6-тапсырма Суретке қарап отырып, ағаш бұтағының, адам саусақтарының,</p>	<p>Отбасы мүшелерінің туыстық қарым-қатынас міндеттері туралы әңгімелеп беру. Атам теледидар көріп отыр. Әжем тоқыма тоқып отыр. Әкем журнал оқып отыр. Анам тамақ жасап жатыр. Бала ҰОҚ оқып отыр. Қарындасым/інім ойнап отыр. Қызы дастарқан жасап анасына көмектесіп жатыр.</p> <p>2-тапсырма: – Отбасыңда сенің міндетің не? – Өзіңнің отбасыңдағы адамдардың міндеттері туралы айт. – Әркім өз міндетін қалай орындайды? Әр отбасы мүшелері өз міндеттері мен жауапкершілікті білуі тиіс. Ата-ана отбасында баланың өсуіне жауапты, денсаулығына қамқорлық жасайды,</p>	<p>- Мейрімділік, мейірбан, мерейлі сөздері туралы біз не білеміз, ол сөзді қалай түсінеміз? Қайырымдылық дегеніміз не? Қайырымдылық – асыл қасиет. Шексіз мейірімді, шексіз рақымды. Қайырымдылық адамдарға жақсылық жасауға ұмтылу.</p> <p>-Сұрақ: сендерді біреудің ренжіткен кездері болды ма? - Иә, болды</p> <p>Қандай сезімде болдындар ренжіткен кезде? - жаны ауыру, өкпе, реніш, кеудеге қысталған өксік, жалғыздық сезімі, сізге деген әділетсіздік, қорғансыздық. - Ал енді өздерің біреуді ренжіткен кездерің болды ма? сіз ренжіткен адамның орнына ойша өзіңізді қойып көріңіз, Өзіңізге солай істегенін жақсы көресіз бе? Келешекте не істесеңіз де ойланып істеңіз</p> <p>2.Музыка</p> <p>Тақырыбы: «Күз-жомарт»</p> <p>Мақсаты: Музыкалық түрлерін динамикалық түрлерін ажырату, әртүрлі жанрлар (марш, полька, вальс) түсініктерімен таныстыру.</p> <p>Тыңдау: Е.Брусиловский «Би». М.Глинка «Полька»</p> <p>Қаз.хал.әні «Қамажай».</p> <p>Ән айту. Е.Брусиловский «Би». М.Глинка «Полька»</p> <p>Қаз.хал.әні «Қамажай».</p> <p>Музыкалық ырғақты қозғалыс: «Кел, билейік». (Б.Байқадамов, М.Әлімбаев).</p> <p>3.Дене шынықтыру.</p>
---	---	--	--	---

	<p>бейнесін жасап көрсетеді. Балалар көк түсті ермек сазды таңдап алып, Н әрпінің неге ұқсайтынын еске ала отырып, ермек саздан жасайды. Н әрпінен басталатын сөз айтады.</p> <p>5-тапсырма Суреттегі бейнелерді атайды. Педагог балаларға тышқанның ініне жетуіне көмектесуін өтінеді. Балалар тышқанға көмектесіп жолдарды қарындашпен қосады. Н әрпін ауады жазып естеріне сақтайды. Әліппе-дәптерде берілген екі жолға Н әрпін жазады. Қорытындылап, мадақтау.</p> <p>2.Музыка Тақырыбы:«Күз-жомарт» Мақсаты:Музыканың динамикалық түрлерін ажырату, әртүрлі жанрлар (марш, полька,вальс) түсініктерімен таныстыру. Тыңдау: Е.Брусиловский «Би». М.Глинка «Полька» Қаз.хал.әні «Қамажай». Ән айту. Е.Брусиловский «Би». М.Глинка «Полька» Қаз.хал.әні «Қамажай». Музыкалық ырғақты қозғалыс: «Кел,билейік».(Б.Байқадамов, М.Әлімбаев). Балалар шаттық шеңберін құрып, бір – бірімен қол ұстасып: -«Сәлем», - дейміз, - алтын Күн, -«Сәлем», - дейміз, - Жер-ана.</p>	<p>дағдыларын дамыту</p> <p>Әдіс-тәсілдері: баяндау, сұрақ жауап.</p> <p>Күндей жарық, айдай арайлы, Судай мөлдір таза көңілмен Бүгінгі күнді бастайық. Қазір жылдың қай мезгілі? Күз неше айдан тұрады? Күзді неге «алтын күз» деп атайды?</p> <p><i>Ойын: «Табиғат мейірімді».</i> Ойын шарты: Тәрбиеші сөйлемді өзі бастап береді. Балалар сөйлемді әрі қарай жалғастырады. Жер-Ана мейірімді, өйткені ол ... (көкөністер мен жемістерді өсіреді). Күн мейірімді, өйткені ол ... (жарығын, жылуын береді) Дәптермен жұмыс: F. Қайырбековтің «Алтын күз» өлеңімен таныстыру, жаттату. Жемісі мол теретін, Күз дос екен бізбенен. Бәрін тауып беретін Жомарт екен күз деген. Күз айында жемістер мен көкөністер піседі. Жемістер бақ өседі, көкөністер бақшада өседі. Жемістер мен көкөністерді ата. Жемістер: алма, алмұрт, шие, өрік, жүзім, т.б. Көкөністер: қызанақ, қияр, қырыққабат, қарбыз, қауын, Сергіту сәті: (Баяу музыка әуенімен орындалады.) Бастаушы: Күзде ағаш жапырақтары сарғаяды, жел соғады,ағаштар тербеледі, жапырақтар жерге қалықтап түседі. Аспанды бұлт торлайды, жаңбыр жауады. Түк, түк, түк (дыбыс шығару). Күн жарқырап шықты, біз қуанамыз! (Балалар қимылмен көрсетеді). Дидактикалық ойын: «Қай ағаштың жемісі?»</p>	<p>шырын тетрапакетінің, таяқшаның неге ұқсайтынын табады.</p> <p>2.Дене шынықтыру Тақырыбы: : Күшті, әрі епті боламыз (негізгі қимылдар) Жүру мен жүгірудің негізгі түрлерін орындау, оларды алмастыру, қарапайым дене аттығулары-мен алмастыру Қимылды ойын: «Кесте құра» Мақсаты: жүру кезінде табанды дұрыс жаттықтыру Балаларға спорт түрлерін атау ұсынылады. «Денесі шыныққан адамдар сымбатты келеді. Олар қуатты, ширақ, көтеріңкі көңіл күйде болады». Сен аз да болса оларға ұқсағың келе ме? Бұл үшін саған тек спорт көмектесе алады! «Денсаулық адамға күш-қуат беріп, табысқа жетелейді. Сені ерігуден, сандалып бос жүруден арылтады». Спортшыларды жаттықтыруды және спортта қажет сапа-қасиеттерді дамытуды ұсынады. Жинақылыққа баулу Бір-бірден қатарға тізіліп тізбекке тұру. Бір-бірден тізбекке тұрып тізені жоғары көтеріп жүру, жүру; Баяу қарқынмен 2.5 минут үздіксіз жүгіру. Тыныс алу жаттығулары «Біз спортпен шұғылданып, тезірек өсеміз», – деп аяқтың ұшымен тұрып, қолды</p>	<p>еңбексүйгіштікке баулиды, өзіне-өзі қызмет ете білуге үйретеді, білімді, өнерлі, мәдениетті болуға тәрбиелейді. Әрбір отбасы мүшелері бір-бірімен тіл табысып, дұрыс қарым-қатынас жасауға, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетулері тиіс. Бұл міндеттер жүзеге асу үшін, балаға дүниеге келген күннен бастап отбасында, қоғамдық орындарда, мектепте тәлім-тәрбие беріледі. «Баланы жастан», М. Әуезовтің «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілесің» деген даналық сөздерінің мағынасы өте терең. – Сендер ата-аналарыңа қандай көмек көрсетесіңдер? – Отбасында қандай</p>	<p>Тақырыбы: Біз спортпен айналысып, тез өсеміз.</p> <p>(негізгі қимылдар) Организмнің төзімділігі мен жаттыққандығын жетілдіру үшін түрлі жүктемелерді біртіндеп үдетумен дене жаттығуларын орындау</p> <p>«Жеңіл атлетика» Аяқ ұшымен аяқты айқастырып, қолды әртүрлі қалыпта ұстап, гимнастикалық адыммен жүру, жүгіру – тізені жоғары көтере отырып аяқты артқа қарай тізеден қатты бұғу; әрбір қозғалыс түріне сәйкес қол қимылдарын жасауға назар аударылады. тыныс алу жаттығулары «Біз спортпен айналысып, тез өсеміз», – аяқтың ұшына көтеріліп, қолды жоғары көтеріп – демді ішке тарту. «Күн сайын биік боламыз» – қолды төмен түсіріп, табанмен толық тұру – демді сыртқа шығару. Волейбол» Жұппен жалпы даму жаттығулары. Жұптасып екі қатар тізбекке тұру кезіндегі</p>
--	--	---	--	---	--

<p>–«Сәлем», - дейміз баршана, - деп, бір – біріне тілектерін айтады. Балалар әуеннің ырғағымен тербеледі. Балалар қайталайды. Ұйымдастырушылық - ізденістік 1.Балалар ақындарының күз мезгілі туралы өлең оқылады. 2.Әңгіме жүргізу. Балаларға өлеңнің мазмұнын түсіндіру. Сұрақтар: -Балалар, өлеңде қандай сөздерді кездестірдіңдер? -Балалар, қазір жылдың қай мезгілі? -Күз мезгілінде табиғат қандай өзгерістерге ұшырайды? -Күзде жаз мезгіліндей күн ыстық болмайды, күн суытады, жаңбыр жауады, жапырақтар сарғайып жерге түсіп, құстар жылы жаққа ұша бастайды. Адамдар жылы киінеді. 3.Суретпен жұмыс. Күз мезгілінің ерекшеліктері бейнеленген сурет бойынша балаларға сұрақтар қою. -Балалар күзде жапырақтардың түсі қандай болады? -Күзде балабақша ауласындағы жапырақтар, гүлдер, қандай күйде болады? -Құстар қай жаққа ұшып барады? 4.Сергіту сәті: Тербеледі ағаштар, Алдымнан жел еседі. Кіп – кішкентай ағаштар Біп – биік боп өседі. 5.Ойын: «Көкөніс пен жемістер» Шарты: балалар көкөніс пен жеміс аттарын жаңылмай айтып шығуы тиіс. 6.Үлестірмелі материалмен</p>	<p>Ойын шарты: Алма, алмұрт, шие ағаштары және жемістері көрсетілген. Әр жемісті сәйкес ағаштарға тауып ілу керек. Мұғалім балалардан күзгі табиғат көріністі жөнінде сұрайды. Балалардың жауабы тыңдалады. <i>Жұмбақ шешу.</i> Жауып жаңбыр, жерде сабыр, Шөп, жапырақ солады. Айтындаршы, бөбектерім, Бұл қай кезде болады? (Күзде) Қорытынды: Күзде күн суытады, жауын-шашын көп болады. Айнала сары түске өзгереді, бұл мезгіл «алтын күз» деп айтылады. Балалар мектепке барады. Жиын-терін болады. Жемістер мен көкіністерді ажыратып атайды. Сергіту сәтін орындайды. Ойын ойнайды. Жұмбақты шешеді.</p> <p>3.Сурет салу Тақырыбы: «Күз» Мақсаты: балалардың күзгі баққа саяхатқа барғанда табиғаттан алған әсерлерін, көрген көріністерін суретте көрсете білу дағдыларын қалыптастыру. Дидактикалық ойын: «Суреттерді жандандыру» Мақсаты: қиялды, шығармашылық ойлауды, қолдың ұсақ моторикасын дамыту Біздің күлкіміз көңілді. Жеткізсін жылу мен шаттықты Бөліскен жақсы ғой өмірде Қуаныш, мейірім, бақытты. Тәрбиеші: балалар сендерді шын көңілмен қуаныш шеңберіне шақырамын. Біздің жасап тұрған шеңберіміз неге ұқсайды?</p>	<p>жоғары көтеріп, ішке дем тартады. «Күн сайын биіктей береміз», – деп қолды төмен түсіріп, табанмен тұрып, демді сыртқа шығарады. Қатар тізбекке тізіліп, залдың қарсы бетіне жүреді. Барлық баламен бірдей адымдау қажеттігін ескертеді. Гантельмен орындалатын жалпы дамыту жаттығулары. Тапсырмаларды топ болып орындау. Күшті жаттықтыру. Толтырылған доптармен жүгіру. Топтың бірінші ойыншысы доппен жүгіріп, құрсауды айналып кері қайтады да, допты келесі балаға береді. Толассыз тәсілмен қимыл-қозғалыс орындау кезінде қауіпсіздік техникасына, қозғалыс ретіне – мәре сызығына жақын келу, тапсырманы орындау, затты айналып тізбектің соңына қайта оралуға балалардың назарын аударады. Төзімділікті жаттықтыру Білек пен тізеге сүйене отырып гимнастикалық орындық үстімен еңбектеу. Балалар орындықта/бөренеде қимыл-қозғалыс орындағанда аяқ-қол жұмысының үйлесуіне назар аударады.</p> <p>3. Көркем әдебиет: Тақырыбы: «Мақта қызбен мысық»</p>	<p>жетістіктер бар? • Отбасы үлкен де, шағын да болуы мүмкін. • Ең бастысы, отбасыңда әрқашан тыныштық, достық, сыйластық, бір-біріне деген сүйіспеншілік болуы қажет. • Сендер өз отбасыларыңа қандай тілек тілер едіңдер? • Мен отбасыма барлық жақсылықты тілеймін. сергіту сәті: Музыка ойнап тұрады. Мынау – менің отбасым. Танысыңдар, достарым. Мынау – әкем, бұл – шешем, Інім, әпкем және мен. Менің халім тамаша, Сіздікі де тамаша! Сенің халің жақсы ма? Оның халі жақсы ма? Барлығы да тамаша! 3-тапсырма. Мақалдардың</p>	<p>арақашықтықты бақылайды. 3 метр қашықтықтан бір-біріне екі қолмен «кеуде» тұсынан доп лақтыру. Допты лақтыру күшін саралап, әріптесінің қолына туралап доп лақтыруға назар аударады. Нұсқау – екі шынтақты қыса ұстап алға-артқа-төмен бағыт бойынша доп лақтыру «Баскетбол» Баланың жоғары көтерілген қолынан 30 см биіктікке ілінген затқа (таспа) жүгіріп келіп секіріп қол тигізу. Нұсқау – қолды сермеу қимылы мен аяқты серпу күшін үйлестіру. Көрсету кезінде тым алыстан емес және таспаға жүгіріп келмей аяқты тиісті жерде серпуге назар аударылады. Қауіпсіздік техникасы: таспаға тек қол ұшын тигізу, іс-әрекетті саптан бір баладан ғана орындау</p> <p>4.Логика әлемі Тақырыбы: Уақытты бағдарлау: айлар, жыл мезгілдері, жыл.</p>
---	---	--	--	---

	<p>жұмыс. Күзгі ағаш жапырақтарын ретімен қалай жапсыру керектігін түсіндіреді. Балалар қайталап айтады. Балалар педагогтің көмегімен жауап береді.</p> <p><i>Алтын күз, күз мезгілі және т.б. сөздерді айтуы мүмкін.</i></p> <p>Балалар тақтадағы күз мезгілінің суретіне қарап, педагогтің көмегімен әңгімелейді.</p> <p>Балалар бір – бірінің жауаптарын толықтырады. Балалар сұрақтарға педагогтің көмегімен жауап беруге тырысады.</p> <p>-Жапырақтар сарғаяды. -Гүлдер солады. -Адамдар жерге түскен жапырақтарды жинайды. Өлең жолдарын қайталап, мазмұнына қарай қимыл – қозғалыс жасайды. Балалар ұжым болып бірігіп ойнайды. Балар тапсырманы педагогтің көмегімен орындайды.</p> <p>3.Жаратылыстану Тақырыбы: Қай өсімдік қандай жерде өседі? Мақсаты: Бөлме және жабайы өсетін өсім- діктерді салыстыру Дидактикалық ойын: «Керісінше айт» Мақсаты: қарама-қарсы мағынасы бойынша айта алуды үйрету. арналған стакан.</p> <p>1.Шаттық шеңбері Қуанамын мен де, Қуанасың сен де, Қарсы, алайық, достарым! Келді қонақтар бізге.</p> <p>2. Балаларға мына сұрақтар</p>	<p>(Балалардың жауабы)</p> <p>Тәрбиеші: Дұрыс айтасындар, керегесі кең, босағасы берік, үлкен киіз үйдің шаңырағына ұқсайды екен. Демек бұл біздің балабақша. Мұнда біз ынтымақты өмір сүріп, тәлім - тәрбие алып жүрміз. Енді бір - бірімізбен дос, бауыр тату ойнайтынымызды дәлелдеп, алақандарымызды беттестірейікші. Алақандарыңызды түйістіргенде нені сезінеміз?</p> <p>Балалар: жылылықты.</p> <p>Тәрбиеші: Жылылық қай жерімізден шығады?</p> <p>Балалар: Жүрегімізден.</p> <p>Тәрбиеші: Ендеше жүрегімізден шыққан жылылықтың қуатымен: «Жақсы сөз - жарым ырыс» демекші бір - бірімізге жақсы тілектер айтайық.</p> <p>Мен бастайын, сендер жалғастырыңдар.</p> <p>Бәріміз күндей жарқырайық.</p> <p>Мен табиғатты сүйемін.</p> <p>Аспанымыз ашық болсын.</p> <p>Тату дос болайық.</p> <p>Тәрбиеші: Өте жақсы, қандай әдемі тамаша тілектер айттыңдар.</p> <p>Адамдар бір - біріне жылы сөздер айтқанда айналаның ерекше жарқырай түседі.</p> <p>Енді орынымызға отырайық.</p> <p>Балалар, мен жұмбақ - өлең оқимын мұқият тыңдап не туралы екенін айтып беріңдер:</p> <p>Шөп сарғайып, Өңі тайып Дала сұры қашады. Бай жаза алмай Ойнай алмай Денең мұздап тонады. Айтыңдаршы бөбектерім Бұл қай кезде болады? Қай мезгіл, кім айтады? - Күз - Дұрыс айтасындар, рахмет. Бүгінгі сабағымыздың тақырыбы</p>	<p>Мақсаты: Ілікпе сөз бен фразаларды айтуда тыныс алуды реттеу. Интонацияларды ажырата алу және оларды айту</p> <p>Балалар бәріміз бірге шаттық шеңберін айтайық. Қол ұстасып тұрайық, Шаттық шеңбер құрайық. Мен Отанды сүйемін, Сен де отанды сүйесің. Мен анамды сүйемін, Сен де анаңды сүйесің! Мен әкемді сүйемін, Сен де әкеңді сүйесің! Көтеріп бір көңілді, Шаттықпенен күлейік. Дос, бауыр боп бәріміз, Тату – тәтті жүрейік . -Балалар қазір жылдың қай мезгілі? Қазір жылдың күз мезгілі.</p> <p>-Дұрыс, айтасындар күз мезгілінің айларын айтайықшы. Қыркүйек, қазан, қараша</p> <p>-Ал, күз мезгілінде қандай өзгерістер болады? Жаңбыр жауады, күн балшық болады, құстар жылы жаққа ұшып кетеді, адамдар жылы киене бастайды. Мақта қыз бен мысық ертегісін айтып, балдарға сахналату.</p> <p>4.Мүсіндеу Тақырыбы: Көкөністер. Мақсаты: күз айлары молшылық, береке сыйлайтын мезгіл екенін, көкөністер мен жемістердің пісіп, жиын-терін болатынын</p>	<p>мағыналарын түсіндіру, кейбіреулерін жаттап алады.</p> <ul style="list-style-type: none"> • Кез келген адам өзінен үлкен адамды құрметтеп сыйлауы керек. <p>Яғни кішілік көрсетеді. Үлкенге құрмет көрсетіп, кішіге ізет білдіріп жүрген адам қадірлі болады. Екінші мақал бойынша: ата ақылды. Оның айтқан ақылын тыңдап өскен бала да ақылды болады. Ағасы өзінен кіші іні- қарындастарына үлгі көрсетсе, олар да ағасы сияқты ақылды, әдепті болғысы келеді.</p> <p>4-тапсырма айсұлудың тапсырмаларын орындайды. - Өзің суретте көрсетілген іс- әрекеттердің қайсысын орындайсың? (Әр бала сурет бойынша үйінде орындайтын істі</p>	<p>Мақсаты: Жыл мезгілдерін, айларды ретімен атау іскерлігін дамыту.</p>
--	--	---	--	--	---

	<p>қойылады: Мен өсімдік туралы не білемін және осы өсімдіктерді қандай топтарға бөлуге болады? Не себепті бөлме өсімдіктері деп аталады? Жабайы өсімдіктерді үй жағдайында өсіруге бола ма? Балалардан үйлерінде немесе мектепте қандай бөлме өсімдіктері өсетіндігін сұрау. Оларды қалай күтеді? Олар неге бөлме өсімдіктері деп аталады? не білгілерің келеді? Ағаштар. Пайдасын тигізеді. Орманда өседі. Бақта өседі. Алма ағашына адам күтім жасайды. Осындай әдіспен қарлыған мен жаңғақ ағашы, қызанақ пен бақбақ салыстырылады. Бұталар. Пайдасын тигізеді. Бақшада өседі. Оған адам күтім жасайды. Орманда өседі. – Жемісті ағаштарды өсіретін адамдарды қалай атайды? (Бағбан.) Шөптесін өсімдіктер. Бақшада өседі. Адам отырғызады, күтім жасайды, өнімін жинайды. Барлық жерде өседі. Сергіту сәті: Көлдің беті кілеге Жер сап-сары бірегей, Тырау-тырау тырналар Түстікке бетті бұрды олар. Қара суық жел есті, Күннің көзі көмескі</p> <p>1-тапсырма. Өсімдік өсетін жерлер: өсімдік барлық жерде де өседі. Тек аязда қыс мезгілінде ғана өспейді.</p> <p>2-тапсырма. Сексеуіл шөлде өседі</p> <p>– Қандай қорытынды жасаймыз? Қалай ойлайсыңдар, бұл топтарды қалай атауға болады? Жабайы өсетін және</p>	<p>да «Алтын күз» деп аталады. Неліктен «Алтын күз» дейміз. Күз түскенде күн салқындайды. Шөптер, жапырақтар алтындай сап - сары болып, сарғаяды, сондықтан «Алтын күз» деп атайды. Күздің басқа жыл мезгілімен қандай ерекшелігі бар?</p> <p>- Күн қысқа, түн ұзақ. Жаңбыр жиі жауады. Күзде астық жиналады. Тәрбиеші: Күзде неше ай бар? (Балалардың жауабы)</p> <p>Тәрбиеші: Енді балалар тыныштық сақтап 1, 2, 3 дегенде көзді жұмып күзгі орманға қиялмен серуендеп қайтайық.</p> <p>Тәрбиеші: Орман іші қандай тып - тыныш. Жапырақтан айырылған ағаштар сығандай. Аяқ асты сары жапыраққа толы. Ауасы қандай керемет. 1, 2, 3 көзімізді аштық та қайтіп балабақшамызға оралдық. Есік қағып, Күз ханшайымы қонаққа келеді. Тәрбиеші: бізге қонақ келіп қалыпты. Сәлеметсің ба күз ханшайымы. Балалар күз ханшайымының көңіл күйі жоқ секілді. Не себепті жабырқаулы күйде екен өзінен сұрап көрейік. Күз ханшайымы сен неге көңілсізсің? Тәрбиеші: Балалар бүгін сендер білімдеріңді көрсетіп белсенділік таныттыңдар. Енді орындарымыздан тұрып сергіту жаттығу жасайық Қане қанат жазайық. Қарлығашқа ұқсайық. Ұшып - ұшып алайық Орнымызға қонайық. Тәрбиеші: рахмет балалар енді орындарымызға жайғасайық та күз ханшайымының талдарына жапырақтар жасайық. Жапырақтың салыну техникасын түсіндіріп, содан соң, жұмысқа</p>	<p>түсіндіру.</p> <p>Дидактикалық ойын:«Не артық?»</p> <p>Мақсаты: ойлау қабілетін дамыту.</p> <p>Әдіс-тәсілдері: баяндау, сұрақ жауап.</p> <p>1.Балалар шеңберге тұрып бір-біріне гүл ұсыну арқылы жылы тілектер айтады.</p> <p>2.Балаларға көкөністер туралы тақпақтар оқып беру.</p> <p>Мен қиярмын, қиярмын, Жесең есті жиырмын. Кетіруге бебезуді, Шырынымен жуармын. Мен сәбізбін, сәбізбін, Емдік қасиет көп менде. Жер астына түсемін, Сап сары болып пісемін.</p> <p>3.Дидактикалық ойын «Көкөністер мен жемістер» ойын ойнау арқылы балалар көкөністер мен жемістерді ажыратады.</p> <p>4.Балалар жылдың қай мезгілі? Күзде барлық жеміс-жидектер, көкөністер пісіп, оларды жинау науқаны басталады. Күз айларын молшылық, береке, мереке сыйлайтын мезгіл.</p> <p>5.Енді балалар біз бүгін ермексизден көкөністер жасайсыз. Көкөністердің пішіндері әртүрлі болады. Балалар сәбіздің пішіні қай геометриялық фигураларға ұқсайды. Картоп, қызылша? Көкөністердің жұмыс дәптеріндегі жасалу жолын көрсетіп, түсіндіру. Қызыл, күрең қызыл, жасыл,</p>	<p>белгілейді).</p> <p>5-тапсырма: Өз отбасыңа қандай тілек тілер едің? Ересектердің көмегімен тілекті толықтыр. Сендер отбасына қандай тілек тілер едіңдер? Балалар ҰОҚ-да үйренген өнегелі сөздерді қайталап айтып шығады. – Менің отбасым бақытты. – Отбасымдағы әрбір сәт қуаныш сыйлайды. – Менің отбасым тату.</p> <p>2.Жапсыру:(Заттық аппликация)</p> <p>Тақырыбы: Күзгі жапырақтар</p> <p>Мақсаты: қағазға гуашьпен оң беру тәсілін үйрету; балаларды ұжыммен бірігіп, композиция құрастыра білуге дағдыландыру. қиып жапсыруға дағдыландыру.</p> <p>1.Шаттық шеңбері Қызыл, жасыл кемелер, Су бетінде қалқиды. Соқса егер салқын жел, Ырғалады, толқиды. Суреттер көрсете отырып күз мезгілінің ерекшеліктері, әсемдігі, тамаша көріністері</p>	
--	---	--	--	--	--

	<p>бөлме өсімдіктеріне мысал келтіріндер. Адамдар бөлме өсімдіктерін не үшін отырғызады? Яғни бізге жабайы өсетін өсімдіктер керек болмағаны ма?</p> <p>4.В.к. Ұлттық ойындар Мақсаты: Табиғат құбылыстарын бақылай отырып өз сезімдерін бейнелей білуге үйрету, жаңбыр тамшыларын қағаз бетіндегі жазықтықты дұрыс пайдалана отырып түсіруге жаттықтыру. К/о: «Күн мен жаңбыр» Мақсаты: Балалардың көріп, естіп қабылдауын жетілдіре отырып, жылдамдыққа, жүгіруге және ереже бойынша ойнауға үйрету. Балалардың іс - әрекетке ынтасын арттыру. Балалар «Күн шықты!»- деген сөзге серуендеп, «Жаңбыр жауды! – деген сөзге қол шатыр астына жиналуы керек Саусақ қол жаттығулары «Жаңбыр жауды» Жаңбыр қалай жауды. Алдымен жәй жауды. Саусақ ұшымен үстел үстін соғып тырсылдатады. Содан кейін қатты жаңбыр жауды. Үстелді қаттырақ соғады. Педагог: Балалар барлығың мына суретке қараңдаршы. - Нені көріп тұрсындар? - Бұлттан не жауып тұр? - Көк түсті бояуды көрсетіп түсіндіреді. - Көк түсті не болады? - Тамшының пішіні қандай? Педагог: - Балалар біз бүгін</p>	<p>кірісу. Тәрбиеші: Аяқтаған жұмыстарды арнайы тақтаға іліп, қояды. Ақын М. Айтовтың «Алтын күзде» шығармасынан үзінді оқиды. Күзде дала жаурайды. Көкте бұлттар аунайды. Бұтағынан үзіліп Жапырақтар саулайды. Соңынан тәрбиеші сабақты қорытындылап, жақсы қатысқан балаларды мадақтайды. Сендерді жүректен жүрекке шенберіне шақырамын</p> <p>4.Орыс тілі. Тема: Что я знаю о семье? Цель: Произносить и различать звуки в словах и фразах. Использовать в речи новые слова по лексическим темам. Находить информацию в картинках, иллюстрациях и соотносить их. Ориентироваться на странице прописи, различать рабочую строку и межстрочное пространство, рисовать узоры. Организационный момент. собрались все дети в круг. Я – твой друг и ты мой друг. крепко за руки возьмемся и друг другу улыбнемся. Посмотрю на ваши лица, Хочу с вами подружиться. как хорошо, когда мы улыбаемся. игра с мячом «Назови свое имя». дети стоят</p>	<p>қызыл сары, ермексаз кесектерін жұмсартып аламыз. Көкөністің түріне қарай шарик немесе цилиндр пішіндерді мүсіндеп аламыз. Көкөністі жасау. Қызанақ-қызы домалақталған жоғары бөлігіне саусағымызбен батырып баса отырып шағын ойықша жасаймыз. Қияр – жасыл ермексаздан цилиндрдің екі шетін домалақтап тегістейміз. Қызылша-күрең қызыл домалақтап бір-бүйірін созу, тамырын шығарамыз. 6.Дидактикалық ойын «Не қайда өседі?» Жемістер мен көкөністерді бау мен бақшаға топтастыру. Қорытынды. Көкөністердің ұқсастары мен айырмашылықтарын айтайықшы. -Олардың қандай пайдасы бар?</p>	<p>жайында әңгімелесу. Үлгіні көрсетіп талдау жасайды, түстерін атайды, алыстан көрініп тұрған ағаштарға назар аудару. Енді осындай жапырақтар жасағыларың келе ме? Апликация үшін қажетті қағазға оң беруді, яғни қағаз бетін бояймыз. Оның әртүрлі тәсілі бар. Бұрқу, Дымқылдау, құрғақ қылқалам. Дайындаманы 4 бөлекке бөлеміз. Дайындамалар кепкеннен кейін, оларға күзгі жапырақтардың суретін саламыз. Бейнеленген жапырақтарды контур сызық бойымен қиып аламыз. Сергіту сәті: Жапырақтар сарғайып, Күн бұлтты болады. Жаңбыр жие жауады, Құстар ұшып барады. Ойын «Кім тез жапырақ жинайды»</p> <p>3.Дене шынықтыру Тақырыбы: Дене бітімін күтеміз (негізгі қимылдар) Заттармен және заттарсыз жалпы дамытушы жаттығуларды орындау Қимылды ойын: «Сезім мүшелері» Мақсаты: зейінді дамыту, адамның сезім мүшелері туралы</p>	
--	---	---	--	---	--

	<p>жаңбыр тамшыларының мүсінін ермексазбен мүсіндейміз. Педагог көк түсті ермексазбен қалай жұмыс жасау керектігін түсіндіріп, көрсетеді. Ол үшін кішкене дөңгелек пішінді ермексазды қағаз бетіне жапсыра мүсіндеу. Педагог жаңбыр тамшысын мүсіндеген кезде.</p> <p>- Тырс! Тырс! – деген сөзбен қоштап отырып, мүсіндейді. Балалар жұмыс жасар алдында саусақпен ауада жаттығып көреді.</p> <p>Балалардың жеке жұмысы.Педагог әр балаға жекелей көмек көрсетеді, сұрақ қойып балаларға көмек береді. Педагог балалар жұмысын қадағалап, мадақтапжұмыстарына, көмек береді. жаңбыр дыбысын қосып айтқан баланы мадақтайды. Саусақ ұшымен үстел үстін соғы тырсылдатады. Содан кейін қатты жаңбыр жауды. Үстелді қаттырақ соғады.</p> <p>-жаңбыр жауып тұр. -сопақша</p> <p>- Тырс! Тырс! – деген сөзбен қоштап отырып, мүсіндейді. Өлең жолдарына сәйкес қимылдар жасайды.</p> <p>- Ненің мүсінін салдық? - Жаңбырдың, пішіні, қандай? - Жаңбырдың дыбысы қандай? - Жаңбыр тамшысының мүсінін салдық.</p> <p>- Түсі көк. пішіні сопақша. - Тырс! Тырс! етеді - саусақпен салдық</p> <p>Педагог балаларды жақсы жауап беріп қатысқандары үшін рахмет айтып мадақтайды.Педагог балаларға көтеріңкі көңіл болғандықтан балалармен музыкалық</p>	<p>в кругу, ребенок держит мяч в руках, называет, как его зовут, передает мяч следующему. какие прекрасные у вас имена!</p> <p>Я познакомилась с вами, а теперь хочу, чтобы вы рассказали о своей семье.</p> <p>Работа в азбуке-тетради.</p> <p>задание №1. Посмотри и расскажи, кто здесь изображен. Назови одним словом. чем занимаются ро - дители, бабушка, дедушка, когда ты в школе?</p> <p>Поиск соответствующего понятия «Беседа о семье».</p> <p>как зовут маму, папу, бабушку, дедушку? кто ты маме? (<i>Сын, дочь.</i>) кто ты бабушке? (<i>Внук, внучка.</i>)</p> <p>кто старше: мама или бабушка? кто младше: папа или дедушка?</p> <p>игра «Подбери картинки на звук.</p> <p>рассмотри картинки, выбери профессию родителей, которые начинаются со звука . определи, какой это звук: гласный или согласный.</p>		<p>білімдерін толықтыру</p> <p>«Шаттық шеңбері» қимыл-қозғалыс ойыны</p> <p>Ойынға қатысушылар бір шеңбердің ішіне екінші шеңбер жасап тұрады. Педагогтің белгісі бойынша шеңбер бойымен қозғалады (жүреді немесе баяу жүгіреді). Ән немесе музыка ырғағымен жүруге,жүгіруге тапсырма беруге болады.</p> <p>Баяу қарқынмен 2 минут жүгіру; белгі бойынша – жүру, төрттағандап еңбектеуді кезектестіріп орындау.</p> <p>Аталған арақашықтықты сақтау маңыздылығына, қозғалыстың бір түрінен екінші түріне өту кезінде тепе-теңдік сақтай білуге балалардың назарын аудару.</p> <p>Тыныс алу жаттығулары.</p> <p>5 метр қашықтыққа алға аттай отырып, допты жоғары лақтыру және екі қолмен қағып алу.</p> <p>Нұсқау – допты өзіңе қарай қыспай, алдыға қарай ұстай отырып алға-жоғары лақтыру керек. Балаларға өзін ұстай білу мәдениеті туралы еске салады. домалап кеткен допты өзгеге лақтыра салмай, қолына беру керек.</p> <p>5 метр алға аттай</p>	
--	--	---	--	---	--

	<p>ритметикалық би билеуге шақырады.</p>	<p>задание № 2. Расскажи, как вы проводите время с семьей. Д/и «я скажу, а ты покажи...». Педагог называет слово, а дети выполняют действие: - играю - прыгаю - читаю - пью чай - мастерю - ловлю рыбу - пеку пирожки... задание № 3. выполни штриховку. Читает стихотворение семья – это счастье, любовь и удача, семья – это летом поездки на дачу. семья – это праздник, семейные даты, Подарки, покупки, приятные траты. семья – это труд, друг о друге забота, семья – это много домашней работы. семья – это важно! семья – это сложно! Но счастливо жить одному невозможно! сколько хороших слов сказано о семье в этом стихотворении. Я желаю вам, чтобы ваша семья была самой счастливой.</p>		<p>отырып заттар арасымен екі аяқпен секіру. Нұсқау – қозғалыс кезінде екі қолды алға сілтеу арқылы көмектесе отырып, бір мезетте қос аяқтап бар екпінмен секіру. «Бос орын» қимыл ойыны Балалар малдас құрып дөңгелене отырады. Қолына камшы ұстаған жүргізуші оларды жағалай жүріп, ойыншының бірінің қасына тоқтап, оның жанына жіпті тастайды да, «Бұл жер тар, өзіңе басқа орын тап», дейді. Ойыншы камшыны қолына алып, жүргізушіні тез қуып жетуге тырысады. Ал қашқан жүргізуші босаған орынға отыруы тиіс, сол кезде орнынан айырылған ойыншы ойын жүргізуші болады. «Өзіңді қолға ал» «Сен бір нәрсеге алаңдап, біреуді түртіп қалғың келсе, не болмаса қолыңа түскенді лақтырғың келгенін сезінсең өз күшіңді өзіңе дәлелдеудің ең қарапайым жолы шынтақтарыңды алақаныңмен қапсыра құшақтай отырып кеудеңе қыс – бұл</p>	
--	--	---	--	---	--

				шыдамды адамның күйі». Балалардың бір-біріне мейірімді болуын еске салады. 4.В.к. Ойнаймыз,ойлаймыз Тақырыбы: Сикырлы қоржын «ойын» Мақсаты: Геометриялық фигураларды тани білудағдыларын қалыптастыру.	
Алақай ойын! Сюжетті рөлдік , қимылдық және дидактикалық ойындар	С/р/о «Отбасы» Мақсаты: Отбасы мүшелерін білу, олардың отбасында атқаратын қызметін үйрету. Үлкенді сыйлауға, кішіге қамқор болуға тәрбиелеу.	С/р/о«Менің анам -аспазшы» Мақсаты: Үлкендердің еңбектерін ескере келе , өздерінің қалай ұстау керек дағдыларын ұштастыру. Ас атауларын білу.	Ермек ойындар: «Шалқан» ертегісін рөлдерге бөлу. Мақсаты: Татулыққа тәрбиелеу.	Сюжеттік рөлді ойындар: «Мен және менің отбасым» Мақсаты: Отбасы мүшелерін білу, олардың отбасында атқаратын қызметін үйрету.	С/р/о«Дүкен» Мақсаты: азық – түлік атауларын атап, ақшаның қажеттілігін түсініп, сатушы қызметін дұрыс білуге үйрету..
« Табиғатпен біргеміз» Серуенге дайындық.табиғатты бақылау,таныстыру. Ойындар еңбек	№6 Ұшып кететін құстарды бақылау Мақсаты: ұшып кететін құстар туралы түсініктерін кеңейту; Құстарға деген танымдық қызығушылығын арттыру.	№ 7 Желді бақылау Мақсаты: желдің күшін анықтауды үйретуді жалғастыру; өлі табиғат туралы білімдерін кеңейту.	№ 8 Үйеңкі ағашын бақылау Мақсаты: үйеңкі ағашының әртүрлілігі туралы білімдерін кеңейту	№ 9 Жүк көліктерін бақылау Мақсаты: жүк көліктерін ажырата білуге, олардың қолданылатын орындарын айыра білуге үйрету.	№ 10 Терек ағашын бақылау Мақсаты: Терек ағашының ерекшелігі туралы білімдерін кеңейту
Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс	Сурет салудың қарапайым техникасын жетілдіруді жалғастыру	Жазу жаттығулары	Ермексазбен таза ұқыпты жұмыс жасау	5 көлеміндегі сандарды біледі оларды тура және кері санайды	Желіммен жұмыс жасау, тазалыққа үйрету.
Балалардың үйге қайтуы.	Балаларының оқу іс- әрекетіне көңіл бөлу.	Ата- анамен сөйлесу.Баланың тәртібі жөнінде айту.	Өткен әріптерді қайталау.	Ата- анамен сөйлесу.Баланың тәртібі жөнінде айту.	Өлең, тақпақтар жаттау.